

**«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ҚАРМАҚШЫ АУДАНЫ
БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«О.ШОРАЯҚҰЛЫ АТЫНДАҒЫ
№30 ОРТА МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ**



**КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «СРЕДНЯЯ ШКОЛА
№30 ИМЕНИ О.ШОРАЯКУЛЫ»
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ПО
КАРМАКШИНСКОМУ РАЙОНУ
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ»**

БҰЙРЫҚ

«24» 08 2023жыл

ПРИКАЗ

№ 189

**Мектепте психологиялық-педагогикалық
қолдап отыру қызметінің құрылу туралы**

Қармақшы аудандық қаржы бөлімі мемлекеттік мекемесінің 2013 жылғы 18 қыркүйектегі № 81 бұйрығымен бекітілген «Қармақшы аудандық білім бөлімінің О.Шораяқұлы атындағы № 30 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесі, Қазақстан Республикасы мемлекетінің «Білім туралы» Заңының 1 бабы, 7 тармағының 4 тармақшасына сәйкес, 3- бабында «...1) баршаның сапалы білім алуға құқықтарының теңдігі; 2) білім беру жүйесін дамытудың басымдығы; 3) әрбір адамның зияткерлік дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігі», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы, "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығы, «Жаңартылған мазмұн бойынша бастауыш білім берудің жалпы білім

беретін пәндері бойынша ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылар үшін, жаңартылған мазмұн бойынша негізгі орта білім беру үшін үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 03.04. 2013 жылғы N115 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулармен 20.09.2017 жылғы N352 бұйрығы, 20.09.2018 жылғы No 469 бұйрығы, 05.04. 2020 жылғы N 516 бұйрығы, 01.04. 2022 жылғы N 123 бұйрығы); Қазақстан Республикасының «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңында (2002 жылғы 11 шілдедегі № 343) арнайы және жалпы білім беру ұйымдары жағдайында бастауыш және негізгі орта білімді жеті-он жастан бастап алуға мүмкіндігі бар екені анықтай отырып, инклюзивті білім берудің мақсатын жүзеге асыру және «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы»; ҚР БҒМ 27.07.2017 ж. № 352 бұйрығы.). Есту, көру, тірек-қимыл аппараты бұзылған, сөйлеу қабілеті бұзылған, психикалық дамуы тежелген оқушыларға арналған үлгілік оқу жоспарларының инварианттық бөлігінің жалпы білім беретін пәндер тізбесі және олардың негізгі мазмұны мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының (бұдан әрі – МЖМБС) талаптарына сәйкес келеді (ҚР БҒМ 31.10.2018 ж. № 604 бұйрығы).

«Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2023-2024 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы». Әдістемелік нұсқау хаты. Бала дамуының мәселесінің кез-келген жағдайын кешенді, пәнаралық және нәтижелігін

қамтамасыз ету оның мектепте білім алып бейімделуінің тиімділігін шешіп жүзеге асыру мақсатында **Бұйырамын:**

1. Қолдау қызметі мамандарының әрекеттестігінің түрі ретінде, психологиялық-педагогикалық кеңес құру, құрамында:
 - 1) Тұрғанова Майра – мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары
 - 2) Әбділова Жұлдыз – мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
 - 3) Бекпанова Дариха - бастауыш оқу ісі жөніндегі орынбасары
 - 4) Сұңғатов Еркін – әлеуметтік педагог
 - 5) Сүлейменорва Арайлым – психолог
 - 6) Бұхпанов Қуаныш – психолог
 - 7) Жорықбаев Баубек – дефектолог
 - 8) Мұратбекова Перизат - тәлімгер
 - 9) Таужанова Айдана – медбике
2. 2023-2024 оқу жылына мектептік психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қызметінің құрамын бекіту
3. Тұрғанова Майра мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары мектептік психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қызметінің төрайымы (әрі қарай ППҚҚ) ретінде тағайындау
4. Мектептік ППҚҚ қолдап отыру қызметінің жетекшісіне:
 - ППҚ қолдап отыру қызметінің жұмыс жоспарын жасау
 - Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларды жалпы білім беру үрдісінде қолдау үрдісін қамтамасыз етуді жүзеге асыру.
5. Кеңестің жұмыс істеу уақытын мектептің жұмыс істеу тәртібіне орай анықтау.
6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары М.Тұрғановаға міндеттелінсін.

Мектеп директоры



Б.Дүйсенбаев

**Қармақшы аудандық білім бөлімінің О.Шораяқұлы атындағы
№ 30 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша
«Психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қызметі» туралы Ереже**

1. Жалпы ережелер

- 1.1 Осы ереже О.Шораяқұлы атындағы № 30 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша ППҚ қолдап отыру қызметінің әрекетін реттейді (әрі қарай – қолдау Қызметі)
- 1.2 ППҚ оқу-тәрбие үрдісінің барлық қатысушыларына көмек беру мен қолдаудың ерекше түрі болып табылады. Ол әр баланың өз мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес нәтижелі оқу мен дамуға әлуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдай жасайтын мамандардың тұтас, жүйелі ұйымдастырылған әрекеті.
- 1.3 Қолдау қызметінің әрекеті:
 - 1) Мектеп дезадаптациясы және оқуда киналатын қауіп тобындағы балаларды уақытында анықтауға;
 - 2) Оқушылардың даму бұзылыстарын түзетуде ерте психологиялық-педагогикалық көмекті жүзеге асыруға (анықталғаннан бастап);
 - 3) Білім беру жағдайында балалар мен жасөспірімдердің құқықтарын қорғау, денсаулық сақтау және нығайту, әлеументтену, тиімді дамыту мақсатында оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдауды жүзеге асыруға;
 - 4) Балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін ыңғайлы жағдайлар жасай отырып білім беру ұйымын дамыту бағдарламасын жасауға және жүзеге асыруға жәрдем беруге;
 - 5) Педагогтар, оқушылар мен ата-аналардың психологиялық-педагогикалық біліктілігін арттыруға (психологиялық мәдениет);
 - 6) Түзете-дамыту, тәрбиелеу жұмысы мен оқу нәтижелігі мониторингін жүзеге асыруға (психологиялық-педагогикалық мониторинг) мүмкіндік береді;
- 1.4 ППҚҚ әр түрлі білім беру деңгейлерінде келесі міндеттерді жүзеге асыратын мектептің құрлымдық бөлімі болып табылады:
 - 1) Мектептегі бастауыш сыныптардағы – әр оқушының жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін есепке ала отырып мектепте оқуға дайындығын анықтау, оқу әрекетіне қызығушылығын арттыру, танымдық және оқу мотивациясын дамыту, жинақылық пен дербестігін дамыту, оқуға талабы мен «іскерлігін» қалыптастыруды қолдау, шығармашылық қабілеттерін дамыту;
 - 2) Орта мектеп – оқушыға кәсіби бағдарлауда көмек беру, экзистенциялды (өзін өзі тану, өмір мәнін іздеу, жеке ерекшелікке жету) мәселелерді шешуде қолдау, уақыт бағдарын дамыту, мақсатқа бағыттылығын, психоәлеуметтік біліктілігін дамыту.
- 1.5 ППҚҚ жұмысының негізгі қағидалары:
 - 1) Бала дамуының кез келген мәселесін шешуде кешенді, пәнаралық ыңғай жасау;
 - 2) Білім беру үрдісінде бала дамуын үздіксіз қолдау;
 - 3) Қолдау үрдісін ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз ету;

- 4) Қолдау әрекетін әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық жобалау (болжау);
- 5) Даму мүмкіндігін шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау бойынша шараларға ата-аналарды, ұстаздар және балалар ұжымын белсенді түрде араластыру.

2. ППҚҚ ұйымдастыру

- 2.1 Оқушыларды ППҚ Жалағаш аудандық психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестің (әрі қарай - ПМПК) қортындысы мен ұсыныстарының негізінде, сонымен қатар О.Шораяқұлы атындағы № 30 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қызметінің құрамы оқушыларды диагностикалық тексерудің нәтижесінде жүзеге асады.
- 2.2 Қолдау қызметінің мамандары кәсіби өзара әрекеттесу үшін мектеп директорының бұйрығымен мектепте психологиялық-педагогикалық кеңес өткізіледі (әрі қарай - ППҚ).
- 2.3 ППҚҚ басшылығын О.Шораяқұлы атындағы № 30 орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры бұйрығымен тағайындалатын қызмет жетекшісі жүзеге асырады. Қызметтің барлық мамандары қолдау бойынша қызметтік нұсқаулар мен міндеттеріне сәйкес біріккен әрекетті жүзеге асырады. Қызметтің әрекетіне пәндік мұғалімдері, оқушылардың ата-аналары, үйірме жетекшілері, қоғамдық ұйымдардың өкілдері және басқа да тұлғалар қатыса алады.
- 2.4 О.Шораяқұлы атындағы № 30 орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ППҚҚ өз жұмысында балалар құқығын қорғау бойынша халықаралық актілерді басшылыққа алады: балалар құқығы туралы БҰҰ Конвенциясы, мүгедектер құқықтары туралы БҰҰ Декларациясы, білім беру саласындағы дискриминациямен күрес туралы Конвенция, балалар тіршілігін, қорғау мен дамытуды қамтамасыз ету туралы Дүниежүзілік Декларация; «Білім беру туралы», «Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды әлеуметтік медициналық-педагогикалық және түзету туралы», ҚР Заңдары, ҚР білім және ғылыми Министрлігінің бұйрықтары мен нұсқаулары, О.Шораяқұлы атындағы № 30 орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ережесі, «Мүмкіндігі шектеулі балаларды ППҚ ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыныстар» және осы т.б ережелер.

3. ППҚҚ мақсаты мен міндеттері

- 3.1 ППҚҚ әрекетінің мақсаты ағартушылық, диагностикалық және түзету шаралар кешенін жүзеге асыру арқылы оқушылардың нәтижелі оқуды мен әлеуметтенуі, оларды барынша дамыту үшін жағдай жасауға бағытталған білім беру үрдісінің барлық қатысушыларын психологиялық-педагогикалық қолдау ұйымдастыру болып табылады. Бұл кезде нысаны білім беру үрдісі, қолдау пәні бала дамуының жағдай болып табылады.
- 3.2 ППҚҚ міндеттері:
- Оқушының құқықтары мен тұлғалық қызығушылықтарын қорғау, олардың психологиялық және физикалық дамуы мен оқуына қауіпсіз

- жағдайларды қамтамасыз ету, психологиялық-педагогикалық және медициналық-әлеуметтік мәселелерді шешуде қолдау мен әрекеттесу;
- Даму мен оқу мәселелердің пайда болуын алдын алу үшін баланың мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін кешенді диагностикалау;
 - Оқушылармен түзете дамыту жұмысының жеке бағдарламасын жасау және жүзеге асыру, сонымен қоса білім беру бағдарламаларын оқушылардың мүмкіндіктері мен қабілеттеріне бейімдеу;
 - Білім беру үрдісінің барлық субъектілері арасындағы өзара түсіністік пен өзара әрекеттесуді нығайтуға ықпал ету;
 - Оқушылар, ұстаздар, ата-аналар арасындағы кеңес-ағартушылық жұмыс;
- 3.3 ППҚҚ мамандары өз әрекеттерін берілген Ереженің п.1.5 тізілген қағидаларына, өздерінің қызметтік нұсқауларына сәйкес ұйымдастырылады.
- 3.4 Баланы және отбасын қолдау туралы ПМПК ұсынысы мен қортындысы негізінде қызметтің барлық мамандарымен бірге қабылданады.
- 3.5 ППҚҚ оқушыларды оқыту, тәрбиелеу мен дамытуды ұйымдастыруда көмек беретін білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау ұйымдары мен мекемелері, әлеуметтік әріптестермен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істейді.

4. ППҚҚ әрекетінің негізгі бағыттары

4.1 ППҚҚ әрекетінің негізгі бағыттарына:

- Психоәлеуметтік диагностика – оқушылардың бастапқы мүмкіндіктерін анықтау бойынша зерттеулер жүргізу, жеке ерекшеліктер мен тұлға бейімділіктерін, оқыту мен тәрбиелеу үрдісінде ішкі мүмкіндіктерді, оқушылар дамуындағы ауытқуларды, оқудағы, әлеуметтік бейімделудегі қиындықтардың себептерін анықтау;
- Психо-түзетушілік жұмыс – оқушымен түзете-дамыту бағдарламасын жасау бойынша педагог-психолог, әлеуметтік педагог, мұғалім-логопед, мұғалім, дефектолог, дәрігердің біріккен іс-әрекеті; әлеуметтік-психологиялық тренингтер, рөлдік ойындар, білім беру үдерісіне қатысушылардың жалпы және арнайы қабілеттерді дамыту бойынша ата-аналар, педагогикалық ұжым арасында топтық пікір- таластар ұйымдастырып өткізу;
- Әр жас кезеңінде оқушылардың толыққанды тұлғалық дамуы үшін, сонымен қатар зияты дамуының және тұлғалық қалыптасуындағы бұзылыстың уақытында алдын алу үшін жағдай жасау мақсатында психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік-медициналық ағарту жұмыстары;
- Әр түрлі психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік-медициналық мәселелер бойынша білім беру үрдісінде қатысушыларға әлеуметтік-педагогикалық кеңес беру; оқушылар мен ата-аналарға қиын өмірлік жағдайда көмек беру; оқушыларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту сұрақтары бойынша кеңес беру;
- Ұйымдастырушы –әдістемелік әрекет ұйымдастырушы –әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыс жүргізу (қолдау нәтижелерін талдау мен жалпылау,оны жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындау, ғылыми зерттеу материалдарын өңдеу); тәрбиелеу мен әлеуметтендіру

мәселелері бойынша әдістемелік бірлестік, семинар-практикумдар, конференцияларға қатысу; психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік-медициналық қолдау бойынша ғылым мен тәжірибенің жетістіктерін игеру.

5. ППҚ қолдап отыру қызметінің құжаттары

- 5.1 О.Шораяқұлы атындағы № 30 орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры бекіткен ППҚҚ алдағы жылдық жұмыс жоспары;
- 5.2 О.Шораяқұлы атындағы № 30 орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры бекіткен ППҚҚ мамандарының жұмыс уақыты;
- 5.3 ППҚҚ отырысының хаттамалары;
- 5.4 ЕББҚ оқушының психологиялық-педагогикалық профилі;
- 5.5 Түзете-дамыту жұмысының жеке бағдарламасы, ЕББҚ оқушыларға арналған жеке оқу бағдарламалары;
- 5.6 Ата-аналардың жеке топтарына арналған және топтық кеңес берудің тақырыптық жоспары;
- 5.7 Білім беру үрдісінде қатысушыларға арналған оқыту семинарларының тақырыптары және өткізу;
- 5.8 ПМПК құжаттары;
- 5.9 ППҚҚ жылдық талдау жұмысы;

6. О.Шораяқұлы атындағы № 30 орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ППҚҚ мамандарының жауапкершілігі

- 6.1 ҚР заңнамалық тұрғыда бекітілген тәртіп бойынша ППҚ қызметінің маманы жауапты:
 - О. Шораяқұлы атындағы № 30 орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ішкі еңбек тәртібінің ережелері мен қаулысын, ППҚҚ жетекшісінің заңды талаптарын және басқа да нормативті актілер, қызметтік міндеттерді себепсіз орындамау немесе жауапкершілікпен орындамау;
 - Түзету сабағы кезінде бала денсаулығы мен өмірі;
 - Өз біліктілігі аумағында баланы тексеру бойынша баланың физикалық және психикалық денсаулығының нашарлауына әкелген негізсіз қортынды жасау;
 - Бала тұлғасының құқықтар мен бостандықтарын сақтау;
 - Тексеру кезінде алынған мәліметтердің құпиялылығы;
 - Құжаттарды жүргізу және сақтау;
 - Еңбек тәртібін, өндірістік тазалық тәртібі мен өрт қауіпсіздігін сақтау.

Мектеп директоры



Б.Дүйсенбаев